

"Бекітемін"

Мектеп директоры:

Дүйсенбеков Ә.Л.

Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебі

2021-2022 оқу жылындағы мектепшілік ата-аналар жиналысының
жоспары

№	Ата-аналар жиналысы тақырыбы	Сыныбы	Өткізілу уақыты	Жауапты	Орындалуы
1	1. Мектеп директоры Ә.Л. Дүйсенбековтың 2020-2021 оқу жылында атқарылған туралы есебі. 2. Жаңа оқу жылындағы техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық 3. Мектеп психологының ата-аналарға кеңестері	1-11	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Хаттама Сурет жарияланым
2	1. 1-тоқсан қорытындысы 2. Кибербуллинг деген не? 3. Оқушылардың мектеп ережелерін сақталуы туралы.	1-11	Қараша	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер	Хаттама сурет
3	1. 1-ші жартыжылдықта атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы 2. Жасөспірім арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы 3. Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастық	1-11	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі	Хаттама Сурет жарияланым
4	1. 2-ші тоқсан қорытындысы 2. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі 3. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу	1-11	Наурыз	Сынып жетекшілер	Хаттама сурет
5	1. Оқу жылының қорытындысы 2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру 3. Жазғы демалыстағы өмір қауіпсіздігі туралы	1-11	Мамыр	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер	Хаттама Сурет жарияланым

ДТІЖО: Тельгозина А.У.

Исмаилова Ч.С.

Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде 2021-2022 оқу жылында ата-аналар қоғамымен атқарылған жұмыс туралы есеп

2021 жылдың 3 қарашасында Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде, санитарлық талаптарды сақтай отырып, «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Пандемияға байланысты әр сыныптың ата-аналар комитеті шақырылды. Мақсаты: әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру арқылы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу.

Жиналыс барысында директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Тельгозина А.У ата-аналардың кибербуллинг туралы түсініктерін кеңейтіп, кездескен қиындықтан шығу жолдарын үйретті. Балаларға және ата-аналарға арналған «Өзіңді кибербуллингтен қалай қорғауға болады» атты жаднама таратылды.

Сонымен қатар, ата-аналарға балалардың тәртібі, оқу үлгерімі жайлы және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген профилактикалық іс-шаралар жүргізілгендігі туралы айтылды.



Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде «Өзін-өзі тану» рухани – адамгершілік білім бағдарламасы және «Бестерек» және «Отбасы-мектеп» жобалары аясында "Отбасында баламен қарым-қатынас жасаудың психологиялық мәселелері" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектеп психологі Мамадалиева О.Т. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты тренинг өткізді. Тренингке жоғары сынып оқушылардың ата-аналары қатысты.

Ата аналармен бірнеше психологиялық жаттығулар жүргізілді, атап айтқанда «Супермаркет» жаттығуы, «Идеалды отбасы» жаттығуы, «Біз қандай тәрбие бергіміз келеді» жаттығуы. Бұл жаттығуларға ата-аналар қызығушылықпен белсене қатысып, өз ойларын еркін жеткізді және сауалнамаға жауап берді. Ата-аналар тренингтің соңында өздерінің жақсы тілектерін стикерге жазып, «Бақыт ағашына» ілді.



20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 - жылдығына орай, «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында айлық өткізілді. Айлық барысында жоспарға сай «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы - бақытты ел» тақырыбында көпбалалы аналармен кездесу, «Балалық шақты бірге қорғайық» атты челлендж, «Құқық сабақтары - өмір сабақтары» атты құқық қорғау органдарымен кездесу, «Әр баланың құқығы бар» атты сурет байқауы және де басқа іс-шаралар өткізілді.

Осындай іс-шараларды өткізу, оқушыларға қоғамның қазіргі заманғы құқықтық және моральдық құндылықтары туралы өз көзқарастарын алуға, оқушылардың жеке басының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғаудағы құзыреттілігін дамытуға көмектеседі.



Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде "Отбасы - бақыт мекені" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа аудандық мәслихат депутаты Ермаханбетова М.С., "Қамқоршылық кеңесінің" төрайымы Қоштанова А., аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Таджимуратов Н. қатысты. Мектеп директоры Дүйсенбеков Ә.Л. атқарылған жұмыстары туралы есеп берді. Ал аудандық мәслихат депутаты Ермаханбетова М.С. өз сөзінде мектептің жұмысына оң бағасын беріп, ата-аналармен мектепке байланысты өзекті мәселелер туралы пікір алмасты.





Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» тақырыбында этнос жастары арасында іс-шара өткізілді. Іс-шараға аудандық «Әжелер алқасының» төрайымы Рахимова А., жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу қызмет секторының маманы Байсариев Е., Сайранова П., Көксәйек аналар орталығының төрайымы Салдырбаева Б., «Аналар мектебі» және «Қыздар клубының» мүшелері қатысты.

Мақсаты: Қазақстан халықтарының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Оқушыларды әсемдікті тани білуге баулу, эстетикалық ой өрісін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру.



